

## ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

# SikaLatex 141®

Көпмақсаттық арналымы бар қоспа: құрылыс жүйелерінің ерітінділерін судан оқшаулайтын және сапасын жақсартатын цемент негізіндегі жабысқақ реагент

### ӨНІМНІҢ СИПАТТАМАСЫ

SikaLatex 141 цемент негізіндегі құрылыс ерітінділерінде қолдану үшін арнайы әзірленген стирен-бутадиен сополимерінің латексті негізі болып табылады. SikaLatex 141 қоспасын қосқан кезде, құрылыс ерітіндісінің құрамына кіретін бөлшектер бір бірімен анағұрлым тығыз жабысады және тұтас үлдір жабынын түзеді, бос жерлерді тығыз жабады және еркін кеңістіктерді бұғаттайды, бұл беріктікті және су өткізбеуді арттырады.

### ҚОЛДАНЫЛУЫ

- Бетон құрылымдарды (жарылған бетон, едендер, бағандар, бөгеттер) жөндеу үшін
- бетон құймаларды және еден жабындарын жөндеу үшін
- Ішкі жұмыстарға (судан оқшаулау, ауа райы эрозиясынан қорғаныс және қоршаған ортаның теріс температурасының әсеріне төзімділікті арттыру) қолданылатын жөндеу құрамдарында
- Судан оқшаулау жүйесін, ішінде суы бар резервуарларды (іргетастар, лифт шахталары, су айдайтын мұнаралар, су сақтауға арналған резервуарлар және жүзу хауыздары) жасау үшін

- Материалды қолданудың басқа саласы (кірпіштің қалануын және керамикалық тақтаны бекіту үшін, жаңа бетонды ескіге жабыстыру үшін және құрыштың бетін тот басу әсерінен қорғаушы ретінде).

### СИПАТТАМАЛАРЫ/ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Ерте қатаю
- Жақсартылған созылғыштық және иілгіштік
- Шөгү және беттік жарықтардың пайда болуы айтарлықтай азаяды
- Беттің үстінде ағып кетуге жол берілмейді
- Төмен су-цемент қатынасы
- Арттырылған беріктік және тозуға төзімділік
- Су өткізбеудің жоғарғы дәрежесі
- Жоғары абразивтік төзімділік
- Теріс температуралардың әсеріне, зиянды енетін тұздардың әсеріне, химиялық белсенді заттардың және майлардың көптеген мөлшеріне қатысты жақсы төзімділік
- Құрыш пен бетонның бетіне жабысудың керемет күші. Келесі беттерге жақсы жабысады: кірпіш, әйнек, асфальт, ағаш, кеңейетін полистирол және құрылыс материалдарының көптеген түрлеріне
- Тот басудан қорғаныстың ұзақ мерзімі
- Материал улы емес. Ауыз сумен байланыста қолданыла алады

## ӨНІМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Химиялық негізі	Полимерлі дисперсия
Қапталуы	10 және 30кг канистрлер, 100кг бөшкелер
Өнімнің техникалық сипаттамасы SikaLatex 141® Қараша 2024	
Жарамдылық мерзімі	Дайындалған күннен бастап 12 ай
Сақтау шарттары	Ашылмаған зауыттық қаптамасында, құрғақ бөлме-жайда, тұра күн сәулесінің және мұздатудың әсерінен қорғай отырып, +5°C бастап +30°C дейінгі температурада
Сыртқы түрі/Түсі	Сүт түсті-ақ сұйықтық
Тығыздығы	1,01±0,02г/см <sup>3</sup> (20°C кезінде)
Бутадиен мөлшері	Қоспа салмағынан ±40%

## ҚОЛДАНЫЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Ұсынылған мөлшерлеме	50 кг цементке 5л SikaLatex 141. Химиялық белсеңді заттар тарапынан ықтимал әсер болуы немесе тозудың жоғары дәрежесінің әсері сияқты жауапты жағдайлар үшін, келесі мөлшерлемені қолдану ұсынылады: 50 кг цементке 10л SikaLatex 141. Материал шығынының деңгейі жоғарырақ болған кезде, судың қосымша мөлшерін қосу қажет етіледі, және сондықтан алдын ала ылғалдандырылған толтырғыштарды қолдану ағып кетудің артуына әкеп соғуы мүмкін.
----------------------	---

## ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

SikaLatex 141 әлдеқашан дайындалған ерітінді қоспасына қосылады. Қоспаны енгізгеннен кейінгі араластыру уақыты әрбір өндірістің жеке шарттарына байланысты және біртектілік қасиеттерінің сынбағамы бойынша алдын ала сынақ жасау кезінде анықталуы тиіс.

## МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ

Бұйымның осы Техникалық сипаттамасында көрсетілген барлық техникалық деректер, зертханалық зерттеулер нәтижелеріне негізделеді. Нақты жағдайларда алынған деректер, біз әсер ете алмайтын жағдайлардың әсерінен өзгеше болуы мүмкін.

## ЖЕРГІЛІКТІ ШЕКТЕУЛЕР

Айрықша жергілікті нормативтік-құқықтық актілердің әрекеті нәтижесінде, материал туралы және оны қолдану туралы ақпарат әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін екендігін есте сақтаған жөн. Материал туралы және оны қолдану туралы нақты ақпарат алу үшін, сіздің еліңізге арналған техникалық сипаттаманы пайдаланыңыз.

## ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Улылығы, қоймаға жинау шарттары, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар SikaLatex 141 материалының қауіпсіздік төлқұжатында көрсетілген.

## ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Ақпарат, жекелей алғанда, Sika® материалдарын соңғы қолдану жөніндегі ұсыныстар Sika компаниясының ұсыныстарына сәйкес дұрыс сақталған, жұмыс істелген, пайдаланылған жағдайда қазіргі кезде бар білімдер мен тәжірибе негізінде көрсетілген. Шындығында, материалдар, негіздер мен нысандардағы жұмыс шарттарының арасындағы айырмашылықтарға байланысты, коммерциялық табысқа, нақты жағдайларда пайдалануға жарамдылыққа, және де қандай-да бір құқықтық қатынастардан туындайтын жауапкершілікке қатысты қандай-да бір кепілдіктер осы ақпарат негізінде де, қандай-да бір жазбаша ұсыныстар негізінде де, қандай-да бір басқа анықтамалық ақпарат негізінде де беріле алмайды. Осы материалды пайдаланатын тұлғалар, нақты қолдану саласы мен мақсаты үшін материалдың жарамдылығын сынақтан өткізуі тиіс. Sika компаниясы өзі шығаратын материалдардың қасиеттеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Үшінші тұлғалардың меншік құқықтарын сақтау қажет. Барлық тапсырыстар сату мен жеткізудің қолданыстағы шарттарында қабылданады. Осы материалды қолданатын тұлғалар, нақты өнімге арналған Материалдың техникалық сипаттамасының соңғы редакциясын басшылыққа алуы тиіс, олардың данасы сұраныс бойынша жіберіле алады

### “Сика Централ Эйша” ЖШС

050016, Almaty, Kazakhstan  
100/5, Mamyр-4 dstr., 4th  
Phone +7 (727) 39 000 39  
E-mail: info@kz.sika.com  
www.sika.kz

Raiymbek ave., 211A  
Phone +7 (727) 222 12 83

060021, Atyrau, Kazakhstan  
Azattyk ave., 116A  
Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, Astana, Kazakhstan  
Beisekbayeva street, 24/1  
Phone +7 (7172) 69 51 84

Өнімнің техникалық сипаттамасы  
SikaLatex 141®  
Қараша 2024

